

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№

2017 жыл

**2018-2020 жылдарға арналған
облыстық бюджет туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы _____ №___ «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- | | |
|--|-------------------------------------|
| 1) кірістер - | 102 118 952 мың теңге, оның ішінде: |
| салықтық түсімдері бойынша - | 36 239 172 мың теңге; |
| салықтық емес түсімдер бойынша - | 3 358 063 мың теңге; |
| трансферттер түсімдері бойынша - | 62 521 717 мың теңге; |
| 2) шығындар - | 102 093 299 мың теңге; |
| 3) таза бюджеттік кредит беру - | - 4 629 752 мың теңге, оның ішінде: |
| бюджеттік кредиттер - | 387 645 мың теңге; |
| бюджеттік кредиттерді өтеу - | 5 017 397 мың теңге; |
| 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - | 0 мың теңге, оның ішінде: |
| қаржы активтерін сатып алу - | 0 мың теңге; |
| 5) бюджет профициті – | 4 655 405 мың теңге; |
| 6) бюджет профицитін пайдалану - | - 4 655 405 мың теңге. |

2. 2018 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу аудандардың және Ақтөбе қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша: Ақтөбе қаласына - 28 пайыз, Байғанинға – 50 пайыз, Мұғалжарға - 54 пайыз, Хромтауға - 50 пайыз және қалған аудандарға 100 пайыздан;

2) әлеуметтік салық бойынша: Ақтөбе қаласына - 28 пайыз, Байғанинға – 50 пайыз, Мұғалжарға - 54 пайыз, Хромтауға - 50 пайыз және қалған аудандарға 100 пайыздан;

3) төлем көзінде салық салынбайтын кірістерге жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдер Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне толығымен есептеледі.

3. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 5 983 000 мың теңге сомасында көзделсін, оның:

Ақтөбе қаласына - 3 750 000 мың теңге;

Мұғалжар ауданына - 2 233 000 мың теңге.

4. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан жалпы сомасы _____ мың теңге нысаналы трансферттер түсімі көзделсін.

Аталған соманы бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

5. Қазақстан Республикасының «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 8-бабына сәйкес:

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 28 284 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 405 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 28 284 теңге мөлшерінде белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

6. Қазақстан Республикасының «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 11-бабына сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

7. Қазақстан Республикасының «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 12-бабына сәйкес 2018 жылға республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін субвенция 56 275 267 мың теңге сомасында көзделді.

8. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 22 814 000 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Әйтекеби ауданына - 2 429 000 мың теңге;

Алға ауданына - 2 733 000 мың теңге;

Байғанин ауданына - 121 000 мың теңге;

Ырғыз ауданына - 2 282 000 мың теңге;

Қарғалы ауданына - 1 970 000 мың теңге;
Мәртөк ауданына - 3 222 000 мың теңге;
Темір ауданына - 930 000 мың теңге;
Ойыл ауданына - 2 629 000 мың теңге;
Қобда ауданына - 2 780 000 мың теңге;
Шалқар ауданына - 3 718 000 мың теңге.

9. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен:

1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы мөлшерлерін ұлғайтуға;

2) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын көтеруге;

3) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;

4) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;

6) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға;

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

8) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді ендіруге;

9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;

10) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

11) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға;

12) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;

13) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

14) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

15) тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

16) оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

17) медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын арналған іс-шараларды жүргізуге;

18) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;

19) саламатты өмір салтын насихаттауға;

20) ЖИТС-ке қарсы күрес және алдын алу бойынша іс-шараларды іске асыруға;

21) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға.

10. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 4 358 167 мың теңге;

сандық білім беру инфрақұрылымын құруға – 859 062 мың теңге;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге – 1 998 779 мың теңге;

білім берудің ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдарының күрделі шығыстарына - 1 281 865 мың теңге;

білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға - 700 102 мың теңге;

халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге – 300 000 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға – 403 051 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) алуға – 879 974 мың теңге;

коммуналдық шаруашылықты дамытуға – 1 055 940 мың теңге;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыруға – 48 467 мың теңге;

елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға - 865 421 мың теңге;

мәдениеттің ұйымдарының күрделі шығыстарына - 47 583 мың теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға - 38 591 мың теңге;

бруцеллезбен ауырған, санитарлық союға жіберілетін ауыл шаруашылық малдардың (ірі және ұсақ малдар) құнын (50% дейін) өтеуге - 87 186 мың теңге;

қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамытуға – 146 803 мың теңге;

көлік инфрақұрылымын дамытуға – 2 222 948 мың теңге;

елді мекендердің көшелерін және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын (қала көшелерін) күрделі және орташа жөндеуге – 2 097 789 мың теңге;

нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыруға – 360 200 мың теңге.

Аталған трансферттерінің сомасын бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

11. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2018 жылға арналған резерві 791 945 мың теңге сомасында болып бекітілсін.

12. 2018 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА